

ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВТІҢ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

Амангелдиева Г.С., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
Тофлу М., Анкара Хаджы Байрам Вели университеті, Анкара қ., Түркия

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ журналистикасының түп-тамыры публицистік ой мен қаламгерлік шеберлікке негізделді. Қоғамды толғандырған, іштен жегідей жеген мәселелерді көтеру арқылы қазақ публицистикасы ел мен жер, тіл мен діл, салт-дәстүр, білім мен ғылым тақырыптарын қамтыды.

Қазақ журналистикасының корифейі Н. Омашев: «Батыр бабаларымыз елін, жерін білектің күші, найзаның ұшымен қорғаса, өткен ғасыр басында қазақтың оқыған азаматтары өршіл рухымен, қалам қайратымен ел іргесінің бүтін болуына барын салды» – деп бағалайды [1, 4].

Қазақ журналистикасының бастауында тұрған тұлғалардың әрқайсысы белгілі бір саланың білікті маманы болды. Алаштанушы, журналист-ғалым Қ. Сақ: «Қазақ журналистикасы тарихындағы ең айшықты кезең – Алаш кезеңі. Өйткені ол уақытта баспасөз тек газет қызметін ғана емес, қоғамдағы басқа да басқару институттарының да қызметін қатар атқарды. Мысалы, ол Парламенттің, атқарушы биліктің, оқу-ағарту, ғылым және білім министрлігінің де қызметін арқалады» – деп баға береді [2]. Демек, журналистика – ақпарат таратумен қатар, халықтың сауатын ашып, білім мен ғылымға жол бастайтын маңызды құрал.

М.И. Фетисовтың Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев публицистикасын зерттеуін М. Қаратаев пен А. Брагин былай сипаттайды: «М.И. Фетисов сосредоточил свое внимание на самых дорогих для казахского народа деятелях прошлого – Чокане Валиханове, Ибрае Алтынсарине, Абае Қунанбаеве. В их многогранном творчестве он исследует преимущественно публицистическую сторону, не отрывая ее от науки – у Чокана, от педагогики – у Ибрая, от поэзии – у Абая» [3, 6]. Бұл пікірден қазақтың ұлы тұлғаларының публицистикасы ғылыми негізден ажырамағанын көреміз.

Ғалымдық пен публицистік қыры қатар өрілген тұлғалар қазақ қоғамында көп болмағанымен, олардың еңбектеріндегі ғылыми дәлдік пен ұлтқа жанашырлық журналистика мәртебесін көтерді. Ш. Уәлиханов пен Қ. Сәтбаевтың ізін жалғаған, қаламгерлік қабілеті мен ғылыми таланты үйлескен тұлғалардың бірі – Евней Арыстанұлы Бөкетов.

Химия ғылымының өкілі Е. Бөкетов қазақ публицистикасының маңызды саласы – ғылыми журналистиканы өркендетті. Оның публицистикалық мұрасының басты өзегі – жас ұрпақты парасаттылық пен адамгершілікке тәрбиелеу, ғылым-білімді меңгеріп, Отанға адал қызмет етуге шақыру, табиғи байлықтарымыздың қадірін түсініп, табиғат пен рухани құндылықтардың қасиетін бағалау.

Зерттеу жұмысының мақсаты – кәсіби журналист болмаса да, қаламы жүйрік, ой-өрісі биік тұлғаның жазу шеберлігі мен стильдік ерекшелігін ашу. Е.Бөкетовтің публицистикасының айрықша қыры – химия саласының маманы бола тұра, қоғамның өзекті мәселелерін, білім мен ғылымдағы проблемаларды батыл көтеруі. Оның ой толғамдары терең, ғылыми негізі мықты шығармалары Ш. Уәлиханов пен Қ. Сәтбаевтың мұрасымен сабақтас.

Мақаланың ғылыми жаңалығы – ғылыми журналистиканың дамуына назар аударып, заманауи журналистикадағы экологиялық тақырып пен фактчекинг тәсілдерінің көрінісін анықтау. Ғылыми журналистикаға тән нақтылық, дәйектілік және болашаққа болжам Е. Бөкетовтің әр жылдары жарық көрген мақалаларынан айқын байқалады.

Қазақ қоғамындағы ғылыми тақырыптардың ашылу деңгейін қарастырғанда, «селені мен өлеңі» қатар жүрген Евней Арыстанұлы Бөкетовтің мақалалары мен әр жылдары жазған хаттары назар аудартады. Химия ғылымдарының профессоры бола тұра, түрлі химиялық процестер мен құбылыстарды түсінікті, жатық тілмен жеткізе білуі – оның тіл мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Е. А. Бөкетовтің баспасөзде көтерген негізгі және өзекті тақырыптарының бірі – ғылым, техника және өндіріс мәселелері. Бұл бағыттағы мақалалары («Алып адам», «Қара металлургия алыбы», «Өндіріс пен ғалым егіз», «Қарағанды химиясы және оның болашағы», «Щедрость земли», «Институт и опытная база», «Облик нашего дня») қаламгердің ғылыми-публицистикалық қабілетін танытып, техника ғылымының докторы ретінде саланы еркін меңгергенін және проблемаларды шешу жолдарын нақты көрсете білгенін дәлелдейді.

Зерттеуші Қ. Асанов: «Е. Бөкетовтің ғылыми публицистикалық очерктерінің ерекшелігі мен құндылығы – тақырып мәселесін терең білетіндігі және оны шешу жолын көрсете алатын ғылымдылығында» [4, 22] – деп атап өтеді.

Өндірістің ішкі құрылымын жетік меңгерген ғалым ретінде Е. А. Бөкетов күрделі ғылыми процестерді қарапайым тілмен түсіндіріп, шешу жолдарын айқын ұсынады. Мәселен, «Табиғат ананы аялау білейік» мақаласында: «Облыс орталығы – Қарағандының өз басына келетін болсақ, мұндағы атмосфераны ластайтын ұсақ қалдықтар мен автомашиналар легі әжептәуір. Жаңа Майқұдықтағы сантехника бұйымдары зауытындағы газбен істейтін вагранкаларды электр пештерімен неге ауыстырмасқа?» – деп, экологиялық проблеманы шешудің тиімді жолын ұсынады. Мұндай нақты ұсыныстар оның көптеген публицистикалық еңбектерінде кездеседі.

Е. А. Бөкетов өмірдегі қарапайым фактілерді мысал ете отырып, ұлттың даму болмысын бейнелейді. Ғылыми пайымы мақалаларына теориялық негіз берсе, жатық тілі мен ой қорытуы проблемалық тақырыптарды терең талдап, олардың шешу жолдарын көрсетеді. Мәселен, «Жас замандас келбеті» атты мақаласында: «Жақсы инженер, жақсы техник, жақсы дәрігер өз мамандығына қаншалықты машық болғанмен, Пушкин мен Абайды оқымаған болса,

Моцарт пен Чайковскийдің, Құрманғазы мен Мұқан Төлебаевтың әуендеріне құлағы жабық болса, ондай адам мәдениетті, білімді адамның қатарына жатпайды» [5, 96] – деп, мәдениеттің өлшемін айқындайды.

Жалпы, Е. А. Бөкетов публицистикасының өзегі – өнер, ғылым, білім және эстетикалық тәрбие мәселелері.

Бір сұхбатында ол: «Қазір психологиялық күрес майданы, яғни ғылым да, ғылым иесі адам да күрделеніп барады. Бастағы, мидағы екіұдай талас, ғылым адамының ішкі сарайындағы шым-шытырық ойлар көркем туындыда сәулеленсе ғана бүгінгі ғылыми-техникалық революция заманына лайық образдар жасай аламыз» [3, 126] – деп, ғылыми-техникалық дамудың адами өлшемін көрсетеді. Бұл пайым бүгінгі жасанды интеллект пен нейрожелілер дәуіріне сәйкес келетін алдын ала болжам ретінде де қабылданады.

Өз дәуірінің ғылыми тынысын зерттеп, өндіріс саласының болашағына жасаған болжамдары да ерекше назар аударарлық. «Қарағанды химиясы және оның болашағы» атты мақаласында: «Химияның болашағын болжау – Қазақ ССР Ғылым академиясының борышы. Ертең электр энергиясын өндіруге атом күшін кенінен қолданғанда көмір өндірісі жабыла ма? Жабылмауы тиіс. Ол кезде көмірді түгелімен химия бұйымдарын өндіруге пайдалануға болады» [6] – деп, болашақтағы өндірістік бағыттар жөнінде нақты ұсыныс білдіреді.

Е.Бөкетовтің ғалым, публицист, ғылыми журналистика саласын дамытушы ретіндегі артықшылығы – сөзінің дәйектілігі. Заманауи тілмен айтқанымызда, ғалым бола отырып, ол қазақ, орыс әдебиетіндегі түрлі құбылыстарға фактчек жүргізеді. Мысалы, «Алып адам» мақаласында Қыз Жібек киссасынан:

Жаратты бір қара көп тұшаратты,

Өзі жорға жануар құс қанатты,

Тұрманының барлығын алтындатып,

Күміспенен төрт аяғын тағалатты, – деген жолдарын келтіріп, қымбат металлдардың жұмсақ, иілгіш келетіндігін айтып, образды түрде қолданбаса, нақ жүзінде атты күміспен тағалаған жағдайда жануардың тұяғы зардап шегетінін дәлелдеп шығады. Зерде журналында басылған «Көмір мен судан: мұнай, бензин, керосин және басқалары» атты мақаласында С.Есенинның «Пугачев» драмалық поэмасындағы «Как керасиновую лампу в час вечерний, зажигает фонарщик из города Тамбова» деген жолдарына тоқталып, керосин шамын Пугачев көтерілісінен кейін 80 жылдан кейін поляк ғалымы И.Лукаевич ойлап тапқандығына да тоқталады. Е.Бөкетовтің ғылыми танымының зор болуы С.Есенинның бір шумақ өлеңінен өрбіген ғылыми-танымдық мақаланың өмірге келуіне жол ашып, нақты ғылыми дәйектемелер келтіреді.

Е.А.Бөкетовтің ғылыми мақалаларында қазіргі уақыттағы Data-журналистика элементтері де байқалады. Мысалы, «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін» мақаласында «Адам күші аса қуатты. Ол қазір жер шарындағы құрлықтың 55 процентін, өзен-суының 12 процентін, орман-тоғайдың жыл сайынғы 50 процент өсімін пайдаланып, құрылыс пен кен қазбалары үшін 4 мың шаршы километр парода алуға. Қазір жер қойнауынан жыл сайын 100 млрд тонна руда алынып, шамамен 7 млрд тонна отын шығарылады. Сөйтіп жыл сайын өзен аңғарына 600 млрд тонна өнеркәсіп пен тұрмыстық қалдық сулар құйылады. Орташа есеппен 800 млн тонна минералдық тыңайтқыш сіңіріледі, төрт миллион тонна улы химикаттар себіледі. ...Бұл цифр екі мыңыншы жылға дейін дүние жүзі бойынша 4-5 есе өспек» деп, ақпараттарды жинау, ретке келтіру, талдау, болжам жасау және жариялау міндеттерін атқарады.

Қара металлургия тақырыбы Евней Арыстанұлына етене таныс, ежелден қанығып, біліп өскен тақырып. Сондықтан оны бүге-шігесіне дейін білуі, оның өсіп-өркендеуі дамуы жайында айтқан ғылыми негіздері мен тұжырым, болжамдары өз уақытындааса маңызды болды. Журналистік шығармаға тән негізгі қасиеттің бірі факты болатын болса, оны Е.А.Бөкетовтің өндіріс-өнеркәсіп турасында жазған очерктерінен мольнаны ұшыратуға болады. Кейде очеркте ресми деректер келтіру, цифраларды қолдану Евней Бөкетовтің публицистикасындағы ғылыми журналистика элементтеріне дәлел келтіреді.

Әсіресе, «Өндіріс пен ғылым негіз», «Алып адам», «Қара металлургия алыбы» сияқты күрделі проблемалық мақалаларынан анық байқауға болады. Бірақ, кілең факті мен цифраға құрылған деп айтуымыз да ағаттық. Т.Амандосовтың «жай фактінің өзін журналистің ой-қиялыңыз жазу мүмкін емес. Фактіні суреттемес бұрын журналист өмірлік фактіден қажеттілік тауып алады, оны жан-ақты зерттейді, қоғамдық-әлеуметтік мәнін ойластырады» деген түйінін Евней Бөкетовтің проблемалық очерктері дәлел.

«Алып адам» очеркінде қара металлургия өндірісінің өсіп-өркендеуін көрсететін хронологиялық дерек-көрсеткіштің берілуі шығарманың ғылыми әлеуетін арттырады. 1938-1960 жылдар аралығындағы қара металлургияның өсіп-өркендеу болмысы цифр тілімен-ақ публицистикаға қажетті информацияны оқырман санасына еш қиындықсыз жеткізеді. Осынау ауыр өнеркәсіп өмірнамамының хронологиялық жүйесі осы тақырыпта көлемді материал жазушыларға бағыт береді.

«Өндіріс пен ғылым негіз» атты мақаласындағы «Ұқыптылықтың ең бір ұтымды жолы –коксті үнемдеу», «Алдағы мақсат – химия технологиясы мен металлургия саласында жаңалық іздеуді тоқтатпай, табылғандарын жан-жақты зерттеп, өндіріске енгізу» сияқты ғылыми негіздегі ұсыныс, болжам тілектерді кездестіреміз. Бұл цифрлар мен фактілер негізінде құрылып, мақаланың тұтас болмысын аша түседі.

Публицист ретінде Евней Бөкетовтің ойы жерастындағы кен болса, соны жарыққа шығарып, бұқара халық игілігіне жарататын құрал – оның тілі. Көңілегі көрікті ойдың өз қасиетін жоғалтпай, жарқырай көрінуі тіл шеберлігіне көп байланысты. Е.А.Бөкетов шығармаларындағы ғылыми ойлау мен шебер тілдің үндестік табуы қаламгердің болмыс қасиетін айшықтай түсетін критерий.

Евней Арыстанұлының публицистикасын үнемі бір-бірін толықтырып, проблемалық сипаты мағыналас мәндес болып келетін күрделі екі топқа жатқызуға болады. Оны ғылыми түрге бөлсек, гуманитарлық және жаратылыстану саласы дередік. Жалпы, баспасөзде күрделі тақырып саласына жататын өндіріс пен өнеркәсіп, ғылыми техникалық прогресс, кен-металлургия, химия сияқты жаратылыстану ғылыммен байланысты жазылған мақала очерктерінің өзегі көбіне дерек пен дәйекке құрылып, сол арқылы мазмұн-мағынасы ашылып жатады [7, 11].

Мысалы, «Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақаласында «Біріншіден, ацетилен затын ацетальдегид сұйығына айналдыру үшін реакцияны жеделдету мақсатымен сынап қолданылады. Сынап әрі қымбат, әрі адам

денсаулығына өте зиянды зат» немесе «Мысалы, қазіргі синтетикалық каучук сырттан әкелінетін екі затты стирол мен гидролир спиртінің тоғыстыру арқылы өндіруге болады» деген сияқты тұжырымдар жасап, ғылыми дәйек пен деректерді орынды қолдана біледі. Әрі бұл дәйек пен деректер жалаң ғылыми тілде емес, публицист шеберлігінің нәтижесінде оқырманға түсінікті ғылыми журналистика тілінде жеткізеді.

Ғылыми техникалық прогресстің өсіп-өркендеуі мен қарқын ала дамуы Е.Бөкетов публицистикасында уақыт үрдісіне сай жан-жақты, жалпақ аудиторияға түсінікті болып жазылған. Кен-металлургия химия ғылымдарының қоғам игілігі үшін қаншалықты маңыздылығын ғана айтып қоймай, өзі айтқандай «Бұны оқырман дұрыс түсінуі тиіс» деген мақсатпен сол ғылым әлемінің көптеген беймәлім құпияларын бұқараға қара сөз, қазақы ұғыммен жеткізуі ғалым-публицистің қаламгерлік шеберлігі мен үлкен білім иесі екендігін танытады.

Көптеген қаламгерлерге тән ортақ тақырып табиғат, адам, қоғам бірлігі Е.А. Бөкетов шығармаларының да негізгі объектісі. Осы үш тағанның өзара байланысын қиыластырып, әдемі жеткізе білу қаламгер ойының тіл кестесімен шебер ұшатасады.

Е.А. Бөкетов шығармаларындағы ой тұтастығы берік. Өйткені, белгілі бір тақырып аясында жазылған проблемалық мақала тілінің бір-бірімен жымдаса өрілгені соншалық, оның бірер сөйлемін оқшаулаудың өзі ағаттық. Бұл жағдай әсіресе, қаламгердің ішкі толғаныстарына құрылған «Адам болам десеңіз», «Алғашқы сабақ», «Алтын босағаны аттағандарға», «Табиғат тіршілік көзі» атты мақалаларында айқын байқалады.

Ғылыми журналистиканың дамуына өзіндік үлесін қосқан тұлға ретінде Евней Бөкетовтің журналистік еңбектерінің астарында экологиялық ахуалға алаңдаушылықты байқалады. Жоғарыда аталған, «Аққан жұлдыздан құс жолына дейін», «Қара металлургия алыбы», «Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақалаларында әлемдік экологиялық ахуалдың жай-күйін, оның жергілікті халық өміріне әсерін жетік тілде жеткізеді.

Қандай тақырып болмасын, Е.Бөкетов шығармаларында міндетті түрде ғылыммен астасып, дәйекті, жатық тілмен шынайылығын растап, көтерген мәселесімен өзектес. Арғында қалдырған публицистикасының негізгі арқауларының бірі – жалпы адамдық, адамзаттық жайлар, жастарды патриотизмге тәрбиелеу, ғылыми прогресс, экономика және экология мәселелері болды. Бұл тұрғыдан алғанда, Е.Бөкетов публицистикалық мұрасы аз болса да, ғылыми тілімен, мәнділігімен ерекшеленеді.

Жалпы Евней Арыстанұлы Бөкетов шығармаларында сан алуан тақырып мазмұнын көтерер идеясы үш түйіннен құралады: білім, парасат, адамгершілік. Ғалым Ұ.Есенбекова: «Журналист пен ғалымның арасындағы коммуникация күрделі және табандылық пен уақытты қажет ететін процесс» [8, 94] дейді. Мейлі, өнеркәсіп, өндіріс, ғылыми-техникалық прогресс, әдебиет, өнер, оқу-білім, табиғат экологиясы болсын, бәрінің де шешім табар арқауы білімге, парасатқа, адамгершілікке байланысты болып келеді. Мысалы, «Қарағанды химиясы және оның болашағы» мақаласында «Өйткені, Алексей Максимович Горький айтқандай, химия ғажайыптар қоймасы, адамзаттың бақыты осы химияда, адам өз ұшқыройының асқақ жетістіктерін дәл осы химия саласынан таппақ» деп, ғылымға деген жарқын көзқарасты қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Омашев Н. **Жиырмасыншы жылдар журналистикасы**- Алматы : –2006.- 1 т. – Б. 317.
2. Қазақ журналистикасының тарихы қалай оқытылады? <https://egemen.kz/article/367423-qazaq-dgurnalistikasyynh-tarikhy-qalay-oqytylady?ysclid=m9rc0vmzjn4964702> (қаралған күні: 21.12.2024)
3. Жақып Б. Публицистика негіздері [Мәтін]: оқу құралы; Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
4. Асанов Қ. Евней Букетов – публицист. - Қарағанды: ҚарМУбаспасы, 2005.–Б. 196.
5. Букетов Е.А. Көкейкесті. – Алматы: Қазақстан, 2000.–Б. 196.
6. Букетов Е.А. Қарағанды химиясы және оның болашағы//Социалистік Қазақстан. 1969, 21 наурыз
7. Асанов Қ. (2020). Академик Е.А. Бөкетов шығармашылығының ұлттық публицистиканы дамытудағы рөлі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы, 131(2), 8–Retrieved from <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/236>
8. Есенбекова Ұ. (2021). Журналистің ғылымды насихаттаудағы кәсіби және когнитивтік деңгейі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы, 134(1), 91–96. Retrieved from <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/209>

ӘОЖ 82.8

ПУБЛИЦИСТ Е.А.БӨКЕТОВ МАҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫ

Әбікеева Н.М., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

Қазақ журналистикасындағы ғылыми-танымдық журналистика өкілі ретінде – Евней Арыстанұлы Бөкетовтің публицистикалық мұрасы зор құндылыққа ие. Химия ғылымдарының докторы, академик-ғалым Е.А.Бөкетов ғылым саласындағы тың тақырыптарды ашумен шектелмей, өзінің түйіп білгенімен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бөліскен, біртуар азаматтың бірі.

Евней Арыстанұлы Бөкетовтің шығармашылығын зерттеу алдында, ғылымда жүрсе де қазақ публицистикасында ерекше орны бар Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтпаев сынды ғалымдардың өмір жолына көз жүгіртеміз. Журналистика зерттеушісі отандық ғалым Н.Омашев «Біз кейде журналистикадағы ғылыми мінбелерді мойындай да, қабылдай да бермейміз. Өйткені, «ғылыми стиль»дегенді жалаң фактілер мен нақпа нақ айтылған